

Бекітемін
Мектеп директоры
_____С.Стамкулов

“Мәдени жалпы білім беретін мектеп” КММ-нің 2023-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы.

Бұл бағдарлама ҚР мемлекеттік құжаттарына, білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес мектептің даму стратегиясын және оны жүзеге асыру жолдарын анықтайды.

Мазмұны

- 1.Бағдарлама паспорты (негізгі параметрлері).
- 2.Мақсат, міндеттері, мақсаттық индекаторлар және бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері
- 3.Ағымдағы жағдайларға талдау.
- 4.Мектепті дамыту бағдарламасының Тұжырымдамасы.
5. Мектепті дамыту стратегиясы мен әдіс-тәсілдері.
- 6.Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары.

I.Паспорт (негізгі параметрлері)

Бағдарлама атауы	“Мәдени жалпы білім беретін мектебі” кмм-нің 2023-2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасы
Бағдарламаны жасау негізі	1. «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы 2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ 3. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы 4. ҚР «Бала құқығын қорғау туралы» Заңы
Бағдарламаны жасаушы	Мектептің педагогикалық кеңесі және шығармашыл топ.
Мақсаты	Орта білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын педагогикалық ұжымның

	қызметіне ендіру үшін тиімді жағдай жасау.
Міндеті	Білім беру мекемесінде инновациялық қызметті дамыту Педагог мәртебесін арттыру .
Жүзеге асыру кезеңі	Бағдарлама 3 кезеңде іске асады: Бірінші кезең-сынақ кезеңі 2024-2025 оқу жылы Екінші кезең-қалыптастыру кезеңі 2025-2026 оқу жылы Үшінші кезең-қорытынды-жалпылау кезеңі 2027-2028 оқу жылы.
Мақсаттық индикаторлар	Педагогтардың біліктілігін арттыру Электрондық оқыту жүйесін пайдалану Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету «Өзін-өзі тану» рухани - адамгершілік бағдарламасын табысты жүзеге асыру PISA, HIRL ,TIMSS, ADVANCED, ICILS, TEDSM: халықаралық салыстыру зерттеулеріне қатысу

Күтілетін нәтижелер	Бастауыш сыныпты бітіруші:білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарын орындауы, сонымен қатар оқуға оң көзқарас қалыптастыруы (мотивациялық дайындық), тапсырманы түсінуі, тапсырманы орындауы, өз әрекетін жоспарлай білуі, жаңа жағдайларға бейімделуге қабілетінің болуы, оқу бағдарламаларын меңгеруге оқушылардың қабілеті мен дағдысының болуы күтіледі. Негізгі мектепті бітіруші: денсаулығын сақтауы мен нығайтуы (салауатты өмір салты негізін қалау); ғылым негіздері бойынша терең білімді қалыптастыру; танымдық қызметті белсендіру арқылы білім алуға қызығушылығын арттыруы; коммуникативтік қабілеттерінің дамуы; тәрбиеленушілердің ары қарай білім алуы үшін, мамандығын таңдауы үшін олардың қабілеті мен қызығушылығын анықтауы күтіледі; Жоғары мектеп деңгейінде: оқушының өз бетінше білім алуының қажетті шарты ретінде, дүние танымның маңызды құраушысы ретінде -ғылыми ойлау дағдысын қалыптастыру;өзін-өзі жетілдіруге қажеттілігін дамыту, білімді өз бетінше іздеп табу қабілеттерін қалыптастыру күтіледі.
-----------------------------------	---

II.Бағдарламаның мақсат, міндеттері, мақсаттық индикаторлар және бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері

Бағдарлама бағыты

Әлеуметтік байланыс жүйесіндегі мектептің орнын, бүгінгі жеткен даму деңгейін, мектептің болашақ бейнесін, мектепті дамытудың стратегиясы мен әдіс –тәсілдерін анықтау және нақты жоспар құру.

Бағдарлама мақсаты

Орта білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын педагогикалық ұжымның қызметіне тиімді ендіру үшін қолайлы жағдай жасау.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

Білім беруді ұйымдастыруды, құрылымын, мазмұнын жетілдіру;
Білім беруді сапалы басқарудың тиімді жүйесін құру;
Оқушының физикалық, адамгершілік және психикалық денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағымды әсер ететін жағдай құру;
Білім беру жүйесінің жаңа мазмұнын жасақтау, ендіру;
Бірыңғай ақпараттық кеңестік құру;
Әлеуметпен жұмысты ұйымдастыру;
Оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру;
Оқу үдерісін жеделдетуді ендіру;
Педагог мәртебесін арттыру;
Бейіндік білім беру үлгісін жасақтау.

Білім беру мекемесінде инновациялық қызметті дамыту үшін жағдай жасау.

Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері

Бірыңғай жоспарлау жүйесін және оған уақтылы түзетулерді көздейтін мақсатты-бағдарлы амал;

Алдыңғы жылдарда жүзеге асқан даму бағдарламасы мен осы даму бағдарламасының сабақтастығы;

Даму міндеттерінің іске асыру бойынша бірнеше балама әрекеттерінің болуы;

Даму міндеттерін шешуге білім беру кеңістігіндегі барлық субъектілердің қатысуы.

Бағдарламаны басқару

“Мәдени жалпы білім беретін мектебі” КММ-нің даму бағдарламасын педагогикалық кеңес жүзеге асырады.

Бағдарламаны жасақтаушы: мектептің педагогикалық кеңесі.

Даму бағдарламасын жүзеге асыру мерзімі:

2023-2028 жылдар

Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері

1-кезең. Сынақтан өткізу кезеңі. 2024-2025 оқу жылы. Даму бағдарламасын құру, оны талқылау, мектепшілік және аудандық деңгейде сараптамадан өткізу, келісілген жоспарды қабылдау және онымен педагогикалық ұжымды, қауымдастықты таныстыру. Бастапқы жағдайға және білім беру процесінің жәтижесіне бастапқы мониторинг жүргізу. Даму бағдарламасын сынақтан өткізу. Даму бағдарламасының мақсатты жобаларын іске асыруды кешенді қамтамасыз ету. Мектептің барлық деңгейінде мақсатты жобаларды іске асыруды бастау. Мектептің даму нәтижесінің мектеп, аудан көлемінде тұсаукесерін өткізу. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру-педагог кадрлардың дайындық деңгейін мектепті дамыту міндеттерінің талаптарына сәйкестендіру.

2-ші кезең. Қалыптастыру кезеңі. 2025-2026 оқу жылы Мектептің барлық деңгейінде мақсатты жобаларды іске асыру. Мектептің даму жоспарын іске асыру мониторингісі. Мектептің даму жоспарын іске асыру барысына талдау және түзетулер енгізу.

3-кезең. Қорытынды-жалпылау кезеңі. 2027-2028 оқу жылы.

Мектептің барлық деңгейінде мақсатты жобаларды аяқтау. Семинарларда, конференцияларда, нәтижелерді қортындылау және бағдарламаны іске асыру нәтижесін ғылыми тұрғыда негіздеу, жинақталған тәжірибені зерттеу және тарату. Мектепті дамытудың жаңа стратегиялық міндеттерін қою, келесі кезеңге бағдарлама мәтінін дайындау.

III. Ағымдағы жағдайларға талдау бөлімінде келесі мәселелер қамтылуы тиіс:

. Сапалық мінездеме.

Мектеп типті, 300 орынға арналған. Мектепте 29 оқу кабинеттері бар. Оның ішінде компьютерлік кабинет -1, ұлдар шеберханасы-2 ,қыздар шеберханасы-2 оқу кабинеттері-24 кітапхана-1 акт залы-1, асхана-1, медицина кабинеттері-2, спортзал-1, күрес залы-1, компьютер саны- 35

Сыныптар саны-18, дайындық сыныбы-1

Сыныптардың орта толымдылығы-18

Оқушыларды тасымалдау жоқ.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар арасында асханадан 115 оқушы тегін тамақтанады.

. Ата-аналардың әлеуметтік құрамы.

. Білім беру үрдісін ұйымдастыру. Материалдық жағдай бойынша оқушылардың жанұя жағдайы төмендегідей: әлеуметтік жағдайы өте төмен-7% әлеуметтік картада тұратын отбасылар саны-16 ,жұмыссыз отбасылар саны-27, әлеуметтік жағдайы орташа-58% әлеуметтік жағдайы жоғары-27%

Ата-аналардың білімділік деңгейі: жоғары білімділер-22%, орта арнаулы білімділер 23%, орта білімділер-55%

Мектепте 2023-2024 оқу жылында

Мұғалімдердің жалпы саны-48

Педагог зерттеуші-12

Педагог сарапшы-5

Педагог модератор-17

Санатсыз -14

Жоғарғы білімдісі-48

Орта арнаулы білімді-0

Барлық оқушы саны-322

Даярлық тобында-26

Мектеп 2009 жылы салынған.

Жалпы алаңы-5333м²

Жұмыс алаңы-3519м²

Кітапхана алаңы-67,5м²

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыстар құрамына – 5 әдістемелік пәндік бірлестік және сынып жетекшілер бірлестігі кіреді. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей шығармашылық тақырыптар бойынша жұмыс істейді:

1. «Деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» (Жаратылыстану-математика)
2. «Оқытудың жаңашыл әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын көтеру» (Бастауыш сынып)
3. «Жаңа технология элементтерін халықтық педагогика негізіне ендіре отырып, оқушылардың тұлғалық қабілетін бекіту» (Гуманитарлық)
4. Мұғалімдердің шығармашылығы мен кәсіби шеберлігін дамытып, біліктілік деңгейін арттыру (Эстетикалық)
5. Сынып жетекшілер бірлестігінде 21 сынып жетекші бар,оның екеуі жоғары санатты,үшеуі бірінші санатты,төртеуі екінші санатты,төртеуінің санаты жоқ. «Оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бүгінгі күн талаптарымен ұштастыра отырып жүргізу»тақырыбында шығармашылық жұмыс жасайды.

Мектептің педагогикалық құрамына мінездеме.

Мектепте –48- мұғалім жұмыс істейді.

- “Оқу ісінің үздігі” белгісімен марапатталған - 2
- ОББ мақтау қағазымен марапатталған – 8
- Білім министрінің алғысхатымен марапатталған-2
- басқа марапаттаулар – 41

Педагогикалық ұжымның орташа жасы 37 жыл.

Білімі

Білімі	Педагогтер саны	% көрсеткіші жалпы санынан
Жоғары соның ішінде педагогикалық білімі	48	100 %
Орта арнаулы соның ішінде педагогикалық білімі	-	-

Біліктілік санаты бойынша

Барлық педагогтер	Саны – 48	100 %
Педагог модератор	17	35 %
Педагог-сарапшы	5	10,4 %
Педагог-зерттеуші	12	25 %
Санаты жоқтар	14	29,1 %

Жұмыс өтілі

5 жылға дейін	8	16,6 %
5 -10 жылға дейін	2	4,1%
10 -15 ж	3	6,2 %
15 – 20ж	6	12,5 %
20 - 25ж	7	14,5%
25 – 30 ж	5	10,4%
30 ж жоғ	17	35,4%
40 ж жоғ	-	

Білім сапасы бойынша мектепшілік бақылау мен басшылық жасаудың қорытындылары 2023-2024 оқу жылы

№	Пәндер	I жарты жылдық	II жарты жылдық	Қорытынды
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	61%		
2	Орыс тілі мен әдебиеті	57%		
3	Математика	53%		

4	Бастауыш сыныптар	60%		
5	Физика	55%		
6	Информатика	61%		
7	Химия	52%		
8	Биология	61%		
9	Тарих	60%		
10	География, жаратылыстану	58%		
11	Ағылшын тілі	58%		
Мектеп бойынша		57%		

Оқушылардың байқаулар бойынша көрсеткіштері

Байқаудың атауы	Ауданда			Облыста			Республикада		
	2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
«Түрлі оқулар»	1		1		1				
«Жас талап-2016»		1							
«Самұрық»				3	4	4			
Туристік өлкетану		1							
Ғылыми жоба	2	1			1				

Мектеп бағдарламасынан тыс кейбір тақырыптарды оқыту мақсатында оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін төмендегі факультатив және үйірмелер берілген:

1. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
2. Жас информатиктер
3. Әлемге саяхат
4. Математика және логика
5. Геология негіздері
6. Олимпиада есептерін шығару
7. Сөз өнері
8. Өлкетану
9. Графика және жобалау
10. Қазақстанның шаруашылығы және экологиясы
11. Corel DRAW графикалық редакторы
12. Дәрежелік теңдеулер
13. Абайтану
14. Теңдеу
15. Зайырлылық және дінтану негіздері
16. Химия және экология
17. Экология және қоршаған орта
18. Шет елдерге саяхат
19. Тригонометриялық функциялар

- 20.WEB – дизайн
 21.Физика және эксперимент
 22.Адам экологиясы
 23.Химия тәжірибеде
 24.География курсына жалпы шолу
 25.Теңсіздіктер
 26.Физикалық есептерді шешу әдістері

Мектепте 9 үйірме жұмыс істесе, соның ішінде жетістікке қол жеткізгендері:

№	Үйірмелер	Ауданда			Облыста			Республикада		
		2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
1	бокс	I II	I II	I II III	I II	I II III	I, I II		I	
2	волейбол			III,III						
3	футбол		I							
4	Қазақша күрес		I II							

Мұғалімдердің байқаулар мен олимпиадаларға қатысу көрсеткіштері

№	Байқаулар	Ауданда			Облыста			Республикада		
		2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
1	Облыстық пән олимпиадасы	18	15	22	-	1	4			
2	Аудандық мұғалімдер пән олимпиадасы	2	1	-	-	-	-			

Мұғалімдерді жаңартылған білім мазмұны курсынан өткізу көрсеткіші

Пән аттары	2021	2022	2023
Математика			1
Қазақ тілі			
География	1		
Тарих			
Информатика		1	
Технология Бейнелеу өнері	1		
Орыс тілі	1		
Мектеп алды даярлық			
Химия,биология			
Бастауыш сынып	1		
АӘД			
Басшылық	1		

Денешынықтыру		2	
---------------	--	---	--

Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу көрсеткіші

Санаты	2021	2022	2023
зерттеуші	5		
сарапшы	2		1
модератор	3		1

ҰБТ көрсеткіші

Оқу сауаттылығы			Қазақстан тарихы			Математикалық сауаттылық			Таңдау пәні-1			Таңдау пәні-2		
2021	2022	2023	2021	2021	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
13,1	16,8	18,2	13,4	18,2	19,3	8,3	10,2	14,2	25,1	24,2	25,6	18	21,2	23,8

Пән олимпиадаларының көрсеткіші

№	Пәні	Оқушының саны								
		Ауданда			Облыста			Республикада		
		2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
1	Математика	8	10	11	1		2			
2	Ағылшын тілі	4	2							
3	Тарих	2	3	1			1			
4	Физика	1								
5	География			1						
6	Биология	1	2	1						
7	Қазақ тілі	2	2	1						
8	Орыс тілі	1	2	2						
9	Химия		1				1			
10	Информатика	1	1	1						

Оқушылардың жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіштері

Оқу түрі	2021	2022	2023
Грант	5	13	22
Кредит	-	-	-
Ақылы	7	6	2

11 сынып бітірушілердің еңбекке орналасуы туралы

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Мектепті бітіргендер	12	19	24
ЖОО орнына түскендер	5	11	19
Грант	5	13	21
Ақылы	6	2	
Техникалық мамандықтар		9	7
Экономикалық мамандықтар		2	1
Гуманитарлық мамандықтар		3	5
Медициналық мамандықтар		1	1
Әскери мамандықтар			
Колледж	3	2	2
Жұмыс істейді		2	
Жұмыс істемейді			

“Алтын белгі” , Үздік аттестат пен Үздік куәлікке бітірген оқушылар көрсеткіші

Құжат түрі	2021	2022	2023
Аттестат «Алтын белгі»	-	-	-
Орта білім туралы үздік аттестат	-	3	1
Негізгі білім туралы үздік куәлік	1	3	5

Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

№ п/п	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2023-2024 оқуы жылы	2024-2025 оқуы жылы	2025-2026 оқуы жылы	2026-2027 оқуы жылы	2027-2028 оқуы жылы
1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру							
1.	«Педагог-зерттеуші»	%	25%	27%	27%	29%	29%
	«педагог-сарапшы»	%	10,4%	14,5%	14,5%	18,7%	18,7%
	«педагог-модератор»	%	35,4%	35,4%	39,5%	41,6%	43,7%
2.	Ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеген (қатысатын) мектеп білім алушыларының үлесі	%	5%	7 %	11%	13%	15%
2 міндет. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту							
1.	Интерактивті тақта	дана	7	8	8	9	12

2.	Жылу жүйесі (насос)	дана		1	1		
3.	Қазандық	дана			1		
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру							
1.	Түрлі дөңгелек үстелдер мен дебаттар ұйымдастыру	%	15 %	18%	20 %	22 %	25 %
4 міндет. Білім сапасын арттыру							
1.	Алтын белгі	дана		1	1	1	2
2.	Үздік куәлік пен аттестаттар	дана	5	6	6	5	6
3.	Білім сапасы	%	38%	43%	45%	50%	55%

Мектептің өткен оқу жылындағы проблемаларына SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- Барлық мұғалімдер жоғары білімді - Оқушылардың пәндік олимпиадалардан жүлделі орындар алуы - Іс-құжаттар, нормативтік-құқықтық актілер жинақталған - Ішкі тәртіп ережесінің орындалуы - ҰБТ көрсеткіші - Материалдық-техникалық база	- Кадр мәселесі бойынша педагог мамандардың жекелеген пәндер бойынша функционалдық сауаттылығын арттырмауы - Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру курсынан мерзімінде өтпеуі - Мектепте үздік оқушылар үлесінің аздығы (әсіресе ер балалар) - Үздік куәлік, үздік аттестат, «Алтын белгі» бойынша бітірген оқушылардың аздығы - Жоғары, І-санаттағы мұғалімдердің кем болуы - Ынтымақтастық құзыреттіліктің төмендігі
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- Озат оқушылардың қатарын көбейту - Мұғалімдерді өз кезегінде біліктілік деңгейлік курстардан өткізу - Кәсіби құзыреттіліктерін арттыру - Педагог кадрлардың біліктілік санаттарын көтеру - Материалдық базаны нығайту - Көркейту, көгалдандыру абааттандыру жұмыстарын жүргізу	- Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша есепте тұратын оқушылармен жұмыс - І-қабаттағы бөлмелердің, дәліздің едендерінің төмен түсуі, жарылуы - Мектеп ауласының селге, су тасқынына қарсы тосқауылының жоқтығы - Оқушылармен аулада лездеме өкізетін орын жоқ

--	--

- . Мектеп жұмысының күн тәртіп ережесі.
- . Мектеп жұмысының басым бағыттары, міндеттері.
- . Оқушылар саны.
- . 1-ші сынып бітірушілерінің еңбекке орналасуы туралы.
- . Ішкі бақылау нәтижесі: ҰБТ-ның соңғы 3 жылғы көрсеткіші.
- . Мектептің педагогикалық құрамына мінездеме.
- . Әлеуметке мінездеме.
- . Мектептің әлеуметтік тапсырысының көздері және субъектілері.
- . Бүгінгі күн мектеп алдындағы проблемалар.

IV Мектепті дамыту бағдарламасының Тұжырымдамасы

Мектептің тұжырымдамасы-бұл даму бағдарламасын іске асыру нәтижесінде мектептің қандай болатынын, оның болашағын айқындайтын құжат мектепті дамыту әртүрлі жолдармен іске асады, соның ішінде ең негізгі, тиімді жолын таңдау- бағдарламаның негізгі міндеті. Оның шешімі мектепті дамыту және негізгі бағыттарын, стратегиясын жасау үдерісінде іске асады.

Мектеп миссиясы

Мектептің болашағын айқындайтын тұжырымдаманы қалыптастыруда ең алдымен «**мектеп миссиясы**» түсінігін, қай проблеманы ең алдымен шешу және әлеуметтік сұраныстың қай бөлігін жүзеге асыруды қолға алуымыз қажет екенін анықтау керек.

(Миссия-ұйымының не үшін және қандай себептермен өмір сүретінін көрсететін ұғым, яғни миссия ұйымының басқа ұйымнан ерекшелігін, өмір сүруінің мән-мағынасын мақұлдау)

Бұл жерде екі ұстанымды басшылыққа алуға болады: бір жағынан, білім беруді жаңғырту стратегиясын жүзеге асыру қажеттілігі.

Мектепті дамыту-әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде тұлғаға бағытталған тұтас дүние туралы, яғни әр баланың жеке дамуын қамтамасыз ететін жан-жақты білім беру қажет. Сонда ғана мектеп «өзінің және қоғам мүддесіне орай өзін -өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі дүниеде өмір сүре алатын, білімді, шығармашыл, құзырлы және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту» мақсатын көздейтін білім берудің жаңа сапасына қол жеткізеді. Мектеп мұғалімдеріне келетін болсақ әр мұғалімнің өз бетінше дамуына, оның шығармашылығына, қызығушылығына, мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау керек.

Сонымен мектепті дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаты.

-білім берудің жаңа сапасына жетудің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау және ендіру. Ал мектептің **негізгі миссиясы** - мектептің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, дәстүрлі білім беретін мектепті тұлғаға бағытталған мектепке айналдыру.

Тұжырымдама негізіндегі басты ой-құзіретті, рухани-адамгершілігі мол, қоғамда өзін анықтай алатын тұлғаны қалыптастыру.

Стратегиялық мақсат-Оқу үдерісін оқушының жеке ерекшелігіне, оқыту мазмұнын әртүрлі деңгейіне бейімдеу, оқу -тәрбие үдерісіне белсенді оқыту және тәрбиелеу әдістерін ендіру және білім, біліктілік, дағды деңгейін диагностикалау, мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін және оқушы тұлғасының дамуына барынша жағдай жасау.

Басты құндылық - баланың өзі, мәдениеті, оның қоғам өміріне белсенді араласуы.

Сондықтан мұғалімдерге: әрбір оқушының жеке қабілеттерін зерттеу, ашу, баланың неғұрлым тиімді дамитын білім беру құрылымын анықтау, әр баланың жеке дамуына неғұрлым қолайлы жағдай жасау, әр балаға жеке мүмкіншіліктерін, қызығушылықтарын

анықтауға көмек көрсету, педагогикалық білімді насихаттау және ата-аналарға жеке педагогикалық көмек көрсету қажет.

Бағдарлама мектеп бітірушінің төмендегідей қабілеттерін дамытуды көздейді:

-экономикалық,саяси,танымдық таңдау бостандығының өсу жағдайында өзін-өзі іске асыру;

-өзгермелі дүниеде өмір сүре алу, яғни әлемдегі жаңа өзгерістерге бейімделе алу;

-өзінің отбасына,мектепке,ауылына, Отанына деген сүйіспеншілігінің жоғары болу қабілеті;

-салауатты өмір салтын таңдауы;

-білімді, жан-жақты, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға болу.

Педагог үлгісі:

-өз пәнін терең меңгерген;

-Білім беруді жаңғырту жағдайында кәсіби құзіреттілігі жоғары;

-өз пәнін оқытуда түрлі жаңа педагогикалық технологияларды игерген;

-өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге қабілетті;

-балаларға деген сүйіспеншілігі жоғары;

-шығармашыл;

-коммуникативті тұлға.

Мектеп үлгісі оқытуды даралау және саралау ұстанымына негізделген.

Оқытудың 1-ші сатысында оқыту дамыту жүйесі бойынша жүргізілсе, 2-ші сатысында әртүрлі деңгейдегі сыныптар қалыптасады:

-«**Альфа**»-білім берудің жоғары деңгейіндегі сыныптар (гимназиялық бейіналды және жаратылыстану, гуманитарлық пәндер бойынша тереңдетілген сыныптар);

-«**Бетта**»-білім берудің мемлекеттік стандартының орындалуын қамтамасыз ететін сыныптар.

Үшінші сатыда базалық мемлекеттік стандарт бойынша бейіндік оқыту және жоғары деңгейдегі бейіндік оқыту басталды - пәндерді тереңдетіп оқытатын гимназиялық немесе лицейлік сыныптар

Мектептің негізгі үлгісі-тұлғаға бағытталған педагогикалық үдеріс:

Өзін-өзі тануға және өзін-өзі анықтауға дайын,өзінің және қоғамның өміріне жауапкершілік алатын, саяси және діни көзқарастарына қарамастан адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға,салауатты өмір салтын қалыптастыруға, түрлі шығармашылықпен, ғылыми зерттеу, эксперименттік жұмыстармен айналысуға жағдай жасау.

Бейіндік мектеп моделінің негізі ретінде төмендегі кезеңдерді белгілейміз:

1.Бейіналды дайындыққа дейінгі даярлық 1-5 сыныптар

Мақсаты:оқушылардың таңдау қабілетін қалыптастыруға жағдай жасау.

Мазмұны:қосымша білім беру бағдарламасы, мектеп, оқушы құрауыштарының курстар жүйесі.

2.Бейіналды дайындық 6-9сыныптар

Мақсаты: саналы түрде мамандықты таңдау.

Мазмұны: ақпараттық және кәсіби бағыттау жұмыстары,таңдау бойынша курстар.

3.Бейіндік оқыту 10-11сыныптар

Мақсаты: саналы түрде мамандықты таңдауға дайындығын қамтамасыз ету.

Мазмұны: базалық,бейіндік, элективтік курстар (таңдау бойынша).

V.Мектепті дамыту стратегиясы мен әдіс-тәсілдері

Анықталған проблемаларға байланысты мектепті ары қарай дамыту мақсатында төмендегідей міндеттер айқындалады:

1. Оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру

Негізгі міндеттер:

- әр баланың өмірін қорғау, психикалық және физикалық денсаулығын нығайту;
- әр баланың тұлғалық, интеллектуалдық және физикалық дамуына жағымды жағдай жасау;
- балалардың әртүрлі әрекетін жетілдіру үшін дамыту жағдайларын жасау;
- жаңа педагогикалық технологияларды ендіру;
- ата-аналарды білім беру үдерісін тарту, олардың бойында өз баласына деген педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Жалпы білім беру

- жалпы білім берудің мазмұнын жетілдіру бойынша эксперимент жұмыстарына қатысуды қамтамасыз ету;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқу үдерісіне жаңа білім беру технологияларын ендіру;
- фестивальдарға, байқауларға спорт жарыстарына қатысу арқылы баланың интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету;
- оқушының ары қарай білім алуына, дұрыс таңдау жасауға педұжым тарапынан нақты көмек көрсету.

Оқушыларды тәрбиелеу және қосымша білім беру

- мектептегі тәрбие жүйесін жетілдіру;
- балалық шақтың әлеуметтік қаупінің алдын –алу жүйесін жетілдіру;
- оқушылардың нақты қажеттіліктерін анықтау, осы қажеттіліктерді іс-әрекет мазмұнына кіріктіру;
- тәрбие қызметінің нәтижесін және сапасын бағалау өлшемдерін тәжірибеге ендіру;

Дені сау тұлғаны қалыптастыру

- денсаулық сақтау технологияларын білім үдерісіне ендіру арқылы оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын нығайту;
- сапалы білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында оқушы денсаулығын сақтау және нығайту бойынша мектеп және отбасы қызметін үйлестіру
- оқушылар денсаулығының мониторингісін жасау.

Кадрлар

- қашықтықтан оқыту, курстық қайта даярлау арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылық жұмыс жасау үшін жағдайлар жасау;
- шығармашыл, белсенді жұмыс жасайтын мұғалімдердің ынталандыру жүйесін жетілдіру;
- жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыру және әдістемелік жұмысты жетілдіру;
- білім беруді жаңартуға қажетті заманауи бағдарламалар мен ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету.

5. Білім алушылардың қауіпсіздігі үшін жағдай жасау.

- жеке және ұжымдық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқушылар мен педагогикалық ұжымды дайындау;
- жаппай іс-шаралар жүргізу барысында құқық қорғау мекемелерімен өзара әрекеттестік жүйесін жетілдіру;
- оқушылар арасында қылмыстың алдын алу және болдырмау;
- ата-аналардың бала тәрбиесіндегі белсенділігі мен жауапкершілігін күшейту бойынша мақсатты жұмыс жүргізу.

6.Сабақтан тыс қызмет

- ұлттық дәстүрлерді нығайтуға ықпал ету, өлкетану жұмыстарын, ізденіс қызметін кеңейту;
- үйірмелер мен секцияларды құруда оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу;
- саналы түрде мамандықты таңдауға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру(өзін-өзі тестілеу, жағдаяттар құру,т.б);
- оқушылар ұжымында өзін-өзі басқаруды дамыту: мектеп белсенділерінің жұмысы,оқыту және сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда оқушылардың рөлін арттыру.

7.Материалдық –техникалық база

Материалдық-техникалық база-білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі. Мектепті заманауи оқу, спорт жабдықтарымен, ақпараттық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны жетілдіру-мектептің алдында тұрған міндеттерін сапалы шешуге ықпал етеді.

“Мәдени жалпы білім беретін мектеп” кмм
Білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар
жоспары.
(2023-2028жылдарға арналған)

№	Іс-шаралар	Аяқтау түрі	Жауаптар	Мерзімі
1	2	3	4	5
I. Жалпы тұжырымдамалық бөлім				
1	ҚР 2023-2028 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасымен оқып танысу	Нормативтік құжат	Жалпы пед.ұжым	Қазан 2023
2	Мектептің іс-шаралар жоспары негізінде бағдарламаны жүзеге асыру мәселесі бойынша педагогикалық кеңес өткізу	Хаттамалар, іс-шаралар жоспары	Директор С.Стамкулов директор орынбасары С.Аршабаев Әдістемелік кеңес мүшелері	Қараша 2023
II.Мектепалды дайындық				
3	«Жалпы міндетті білім беру» оқушылар қозғалысының мониторингісі бойынша ақпараттық жүйені жасақтау және ендіру.	Ақпараттық жүйе мониторинг материалдары	Жалпыға міндетті білім беру бойынша директордың орынбасары Т.Абдраймов	2023-2028
III.Жалпы орта білім беру				
5	«Жалпыға міндетті білім беру» оқушылар қозғалысының	Мониторинг материалдары	Жалпыға міндетті білім	2023-2028

	мониторингі бойынша ақпараттық жүйені ендіру.		беру бойынша директордың орынбасары Т.Абдраймов	
	Ата-аналардың әлеуметтік тапсырысын зерттеу: -тестілеу -сұхбаттасу	Мәліметтер банкі	Жалпы пед. ұжым	Жыл сайын
6	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың есепке алу ақпараттық жүйесін ендіру	Мониторинг материалдары	Әлеуметтік педагог А.Абжапбар	2023-2028
7	Оқуға тартылмаған балалар үшін ішкі істер бөлімімен бірге «Мектепке жол», қамқорлық» акцияларын өткізу, түнгі тексеру іс-шаралар жүргізу	Білім бөліміне ақпарат	Директордың ТЖ бойынша орынбасары С.Көшербайұлы әлеуметтік педагог А.Абжапбар	2023-2028
8	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.	Білім бөліміне ақпарат	Жалпыға міндетті білім беру бойынша директордың орынбасары Т.Абдраймов, әлеуметтік педагог А.Абжапбар	2023-2028
9	Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагогтарды қайта даярлаудан өткізу	сертификат	Директордың ОІЖ орынбасары Т.Абдраймов	2023-2028
10	Инклюзивтік білім беру жүйесін ендіру бойынша іс-шаралар өткізу	Ұйымдастыру-шылық-әдістемелік нұсқаулықтар	Директордың ОІЖ орынбасары Т.Абдраймов	2023-2028
11	Бейіндік оқытудың сапасын қамтамасыз ету (10-11 сыныптар)	Оқу жоспарлары	БІЖ орынбасары С.Аршабаев, Кәсіби бағдарлаушы М.Кульниязова	2028
12	Әдістемелік және оқу материалдарын жасақтау апробациялау	Әдістемелік құрал, оқу материалдары	БІЖ, ОІЖ бойынша директордың орынбасары С.Аршабаев, Т.Абдраймов	2023-2028

13	Ағылшын тілін сапалы оқытуды қамтамасыз ету	Мониторинг көрсеткіші	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі К.Балкыбекова	2023-2028
14	Жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологияларын ендіру.	технологиялар	Директордың БІЖ бойынша Орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
15	Тәрбие мен оқытуды тұлғаға бағыттау	Технологиялар	Директордың ТІЖ бойынша орынбасары С.Көшербайұлы	2023-2028
16	Жаңа білім беру стандарт талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету	Тәжірибелік сабақтар	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
17	Мұғалім мен оқушы құзыреттілігін дамыту	Тәжірибелік сабақтар	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
18	Оқушылардың жобалау, ғылыми –зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	Ғылыми кеңес отырыстары	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
19	Дарынды балалардың арнайы дайындығын, соның ішінде жеке дайындық арқылы аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадаларға, байқауларға, ма рафондарға, ғылыми жарыстарға қатыстыруды қамтамасыз ету.	ӘБ есептері	Жалпыға міндетті білім беру, БІЖ, ОТЖ бойынша директордың орынбасарлары С.Аршабаев, Т.Абдраймов ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері.	2023-2028
20	Бейіндік пәндер бойынша авторлық бағдарламалар дайындау және жаңа білім беру технологияларын ендіру	Білім беру технологиялар ы, авторлық бағдарламалар	ӘБ жетекшілері	2023-2028
21	Білім мен ғылымның кірігуін қамтамасыз ету мақсатында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері бойынша ЖОО-н байланысты нығайту.	Келісім - шарттар	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
22	Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру	Ғылыми жобаларды қорғау, олимпи-	Директордың БІЖ бойынша орынбасары	2023-2028

	бойынша ӘБжұмысының тиімділігін арттыру.	ада,байқаулардың нәтижелері	С.Аршабаев	
23	Жаңа бағдарламалар, технологиялар және қашықтықтан оқыту бойынша мұғалімдерді қайта даярлаудан өткізуді қамтамасыз ету	Бағдарламалар, технологиялар сертификаттар	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
24	Оқушы білімін бағалаудың жаңа жүйесін меңгерту. BiliLend.kz	Тәжірибе жүзінде іске асыру	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
25	Олимпиадаға, мұғалімдердің тәжірибелік-эксперименттік,жобалық қызметке,кәсіби байқауларға, олимпиадаларға қатысуын қамтамасыз ету	Курстық қайта даярлау	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	

IV.Оқу үдерісін ақпараттандыру

26	Электрондық оқыту жүйесін ұйымдастыру	Қашықтықтан оқыту бағдарламасы	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев Информатика пәні мұғалімі Назар Л	2023-2028
27	Пән кабинеттерін техникалық қайта жабдықтау, интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету	Аудандық білім бөліміне сұраныс беру	Директор С.Стамкулов	2023-2028
28	Мұғалімдерді мультимедиялық кабинеттерде, интеративтік тақталармен жұмыс жасауға, on-lain режимінде сабақ өтуге, интернет мүмкіндіктерін пайдалануға үйретуді қамтамасыз ету	Курстық қайта даярлау	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев Информатика пәні мұғалімі Назар Л	2023-2028
29	Электрондық оқу құралдары, виртуалды зертханалар фондын құру.	Электрондық құралдар	Кабинет меңгерушілері	2023-2028
30	Кітапхана фондын оқу әдебиеттермен үнемі толықтырып отыруды қамтамасыз ету	Қабылдау актісі	Кітапхана меңгерушісі Г.Ашенова	2023-2028

V.Тәрбие үдерісін ұйымдастыру

31	Оқушылар бойында патриоттық, жоғары мәдениеттілік, адам бостандығы мен құқығын	Сынып сағаттары, мектептік іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары	2023-2028
----	--	---------------------------------------	---	-----------

	күметтеу, толеранттылық қасиеттерін тәрбиелеу.		С.Көшербайұлы Педагог ұйымдастырушы Бастықова С	
32	Оқушының тәрбиелік деңгейі, мектептің тәрбие қызметінің нәтижесінің сапасын бағалау критерияларын жасау	Тәрбие деңгейін бағалау өлшемдері	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары С.Көшербайұлы	2023-2028
33	Жастар ісі бойынша комитет өкілдерінің қатысуымен тәрбие жұмысының өзекті мәселелері бойынша тәжірибелік іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру.	Іс-шаралар материалдары	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары С.Көшербайұлы	2023-2028
34	«Қазіргі оқушының әлеуметтік портреті» тақырыбында тақырыбында әлеуметтік зерттеулер жүргізу.	Сараптамалық материалдар	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары С.Көшербайұлы	2023-2028
35	Оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін күшейтуді қамтамасыз ету	Тәрбие жұмысын жүзеге асыру	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары С.Көшербайұлы АӘД пәні мұғалімі Жакипов Ә	2023-2028
36	Патриоттық бағыттағы әдеби және деректі фильмдерді көруді ұйымдастыру	Тәрбие жұмысын жүзеге асыру	Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары С.Көшербайұлы	2023-2028
	Халықаралық зерттеулерге қатыстыру (PISA, TIMSS, PIRLS, МОДО)	ББ бөліміне есеп	Директордың БІЖ бойынша орынбасары С.Аршабаев	2023-2028
VI. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету				
37	Мемлекеттік бюджеттен бөлінген ақша есебінен жүргізілетін мектептің ағымдағы жөндеуін қадағалау	Қабылдау актісі	Директор С.Стамкулов, директордың шаруашылық ісі бойынша орынбасары М.Сағымбеков	2023-2028
38	Мектеп жабдықтарының, техникалық құралдарының	Тексеру актісі	Директор С.Стамкулов,	2023-2028

	сақталуын және үнемі іске қосылуын қамтамасыз ету.		директордың шаруашылық ісі бойынша орынбасары М.Сағымбеков	
39	Пән кабинеттері жабдықтарының сақталуы және іске қосылуын қамтамасыз ету	Түгендеу актісі	Директор С.Стамкулов, директордың шаруашылық ісі бойынша орынбасары М.Сағымбеков	2023-2028
40	Медициналық кабинеттің талапқа сай жабдықтылуын қамтамасыз етуді бақылау	Қабылдау актісі	Дир шаруашылық ісі бойынша орынбасары М.Сағымбеков	2023-2028

“Мәдени жалпы білім беретін мектебі” КММ -нің
2023-2028 оқу жылына арналған даму жұмыс жоспары.
31 тамыз 2023 жылы №1 мектептің педагогикалық кеңесінде талқыланды.